Әсемдікке ұлтылған ұжым

Жаңа жыл қарсаңында облыс орталығындағы студенттер арбатының бойында ертегі қалашық пайда болды. Жасыл шыршаның айналасындағы көрініс жалт-жұлт етіп көз тартады. Бірақ мұның сыртында тынымсыз ізденіс, ұтқыр ұйымдастыру мен қыруар еңбек жатқанын көбіміз біле бермейміз. Жаяу жүргіншілер аймағын қызыл-жасыл түске бояп, қала тұрғындары мен қонақтарына естен кетпес әсер сыйлаған «Қызылорда көркем және К» серіктестігі екенін айтуға тиіспіз.

Компания 2008 жылы құрылып, содан бері облыс орталығы мен аудандарды, ауыл-аймақтарды безендіруге қомақты үлес қосып келеді. Қызылордаға жастық жалынымен сол уақыт үшін таңсық кәсіпті әкелген – Жасұлан Жарасбаев. Ол қолына диплом тиген бойда бизнес баспалдағына қадам басты.

– 2006 жылы арман қуып Алматыға аттанып, Қаныш Сәтбаев атындағы ұлттық университетте оқыдым. Оқып жүріп, жұмыс істедім. Өзім – болашақ құрылысшымын. Эскиз жобаларға қызығатынмын. Бірде қаладағы дизайнерлік орталықтарды аралап жүріп, «жарнама агенттігіне дизайнер керек» дегенді оқып, соған бардым. «Студент керек емес» деп бетімді қайтарды. Бірақ табандылық танытып, қайта барып, ақыры сол мекемеге дизайнер ретінде қабылдандым. Саланың қыр-сырын үйренген соң Қызылордада жарнама агенттігін ашуға бекіндім. Әрине, бірден аяққа тұрып кетпедік. Бірі жассың десе, бірде қаржылай қолдау, енді бірде ғимарат табуда қиындықтар кездесті. Жарнама компаниясын ашқан алғашқы жылдары эскизді өзім сыздым. Клиенттен қол үзбес үшін түн жарымына дейін жұмыс істейтінмін. Жаныма жастар жиылды, шаршау дегенді білмеппіз, – дейді компания директоры, қалалық мәслихат депутаты Жасұлан Жарасбаев.

Қазір мұнда дизайнер, баннер мен стенд оракалын басып шығарушы, фрейзер, құрастырушы, тағысын тағы, барлығы 25-ке жуық адам еңбек етіп жатыр. Шығармашылық ұжымның жұмысы қай кезде де қызу. Нағыз қарбалас маңызды мерекелердің алдында басталады.

– Екі-үш жыл бұрын біз ғимараттардың қасбетін әрлеу, көпірлерді жарықтандыру жұмысын қолға алдық. Одан бөлек, қаланы безендіреміз, мерекелерге дайындаймыз. Наурыз және Жаңа жыл мерекелерінде жұмыс қызады. Халық қаңтар мен ақпаннан шыға алмай жүрсе, мен қыста көктемде жүремін. Өйткені мерекелік эскиздерді екі-үш ай бұрын ұсынуымыз керек. Өз басым мойнымa міндет алсам, оған жүрдім-бардым қарағанды ұнатпаймын. Басқа қаладан көрген эскизді көшіріп қоя салуды да құп көрмеймін. Сондықтан ойда жүрген эскизді қағазға түсіріп, шеберлермен ақылдасып, тәуір дүние жасап шығаруға күш саламыз, – дейді кәсіпкер.

Компанияға ауыл-аймақтардың кіреберісіне арка орнату туралы тапсырыс жиі түседі екен. Сонымен қатар қаладағы мерекелік жобалардағы архитектуралық пішіндерді ауыл бюджетіне сәйкес шағын көлемде жасатып жатады. Ал жеке кәсіпкерлер көбіне дүкен, кеңсе маңдайшаларын жазып беруді өтінеді екен. Негізгі тапсырыс берушілер – мектеп мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілері.

– Бізде қызметкерлер жұмысты бөліп-жармай бәрі бірге атқарады. Өзім де басшы екенмін деп қарап отыра алмаймын, – дейді Жасұлан Жарасбаев.

Туған жерді көркейтуге, безендіріп, шырайын келтіруге септігін тигізіп келе жатқан компанияда жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы басшылық тарапынан назардан тыс қалған емес. Осыған дейін бірқатар маманның жер телімін алуына, баспаналы болуына қолдау білдірді. Мереке күндері түрлі деңгейде марапаттау шаралары ұйымдастырылып, лайықты құрмет көрсетіліп тұрады.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Байқоңыр қаласының тұрғыны, ақылшы әрі ардақты ағамыз Шакан (Шаһарман) Бақытжанұлының 70 жылдық торқалы тойына жыр-шашу!

Азаматы Байқоңыр қаласының,
Ардагері электр саласының.
Асыл ағам асуға шықты бүгін,
Ардақты ұлы болып алашының!

Анықтап айтар болсам аға сырын,
Алтыннан да кемі жоқ бағасының.
Асуың бүгін шыққан құтты болсын,
Алып тұлға, тілекшім, жанашырым!

Жан аға, көз алдымда өткеніңіз,
Жайлы жер іздеп елден кетпедіңіз.
Жолымен жақсылардың жүріп міне,
Жетпіске құтты болсын жеткеніңіз!

Бабын тауып жиен мен нағашының,
Барын тосып аузына баласының.
Бір жүріп Гүлжамила жеңгемізбен,
Бізге арнады жинаған бар асылын.

Ағамызға ағынан жарылайық,
Арнау, мақтау өзіңе – бәрі лайық!
Ақтан, Ерлан, Толқындай ұл-қыздарың
Ақтап жүр ата даңқын Кәрібаев!

Бір әулеттің айналып егесіне,
Білдірмей шықтың биік белесіңе.
Біздің үйдің балдары бәрі қолдап,
Бүгін сені көтерер төбесіне!

Оншақты өсіп жатыр немерелер,
Осылай ұрпақ өнсін ере берер.
Оң болсын, аға-жеңге, тойларыңыз,
Ормандай ұл-қызыңмен көгере бер!

Шерепетін тигізген ата-баба,
Шынайы ұл атандың ата-анаға.
Шырайын шаңырақтың шарықтатқан
Шаттығың құтты болсын, Шакан аға!

Ізгі тілекпен,
іні-қарындастарың.

/// РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

АРАЛДЫҚ СОЛ АҚСАҚАЛДАРҒА РИЗАМЫН

Өнер деген – бәсеке, өнер деген – айтыс, тартыс. Сондай есте қаларлық оқиғаның бірі ілгеріде Арал ауданындағы бір байқауда байқалды.

Бәрін басынан бастайын: Қазір нақ қай жылы екені есімде жоқ. Үгіт бригадаларының кезекті облыстық байқауы Арал ауданында өтетін болды.

Адамның қиялына шек жетеме?! Үгіт бригадасының сценарийін жазу, оның режиссерлік қойылуы менің мойнымда. Бәсекеде өз мүмкіндігімізді ашып көрсетіп, озық болу үшін барынша тыңғылықты дайындалдық. Алдымен «Бәйгеқұм» стансасындағы «Ханқожа» су қоймасы көліне барып, катер жалдап арнайы түсірілім жасадық. Оны әуенмен әрлеп, тіптен тартымды етуге бар күш-жігерімізді салдық. Осылайша, сақадай сай болып, артынып-тартынып Аралға да жеттік.

Өтетін шара аудан басшыларының қатысуымен рәсімделіп, салтанатты түрде ашылды. Барлық аудандар кезекпен өнерлерін көрсетіп жатыр. Кезек бізге де келді. Біз өнерімізді бірінші дайындап келген түсірілімнен бастадық. Экрандағы көрсетілім: Теңізде жүзіп келе жатқан катер. Катер үстінде капитан. Ол қолына дүрбісін алып алыс көкжиекке қарап тұр.

Сұрақ қойылады:

– Капитан, Арал қаласы көріне ме?

Капитан: – Қайдам, жағалау көрінеді. Бір қызбен жігіттің ескерткіші тұр.

– Тағы не бар?

– Бір үлкен «жұмыртқа» көрінеді.

– Онда келдік Аралға! Қыз бен жігіт – ол Қыз Жібек пен Төлегеннің ескерткіші! Ал үлкен жұмыртқа ол «Жұмыртқа» деп аталатын спорт сарайы.

«Жүріңдер кеттік сахнаға» деп сахнаға шығып дайындап барған өнерімізді көрсетіп шықтық. Залдағы көрермендер арасында қол соғып бізді қолдап отырды. Не көрсеткенімізді тәптіштеп созбай-ақ қояйын. Көрермен қол шапалағы мен ықыласынан сәтті қойылым болғаны аңғарылды. Қызық «әділ» деген сөзден басталатын қазылардың шешімінен кейін басталды.

Жүргізуші қыз қазылар шешімін хабарлап, соңғы жағында үшінші, екінші орындарды атап болып I орын – Шиелі аудандық мәдениет бөлімінің ұжымына беріледі дегенде бүкіл зал гүрілдетіп қол соқты. Жүргізуші әрі қарай сөзін жалғастырып, «Бас жүлде» Арал ауданына беріледі деп салтанатты түрде хабарлаған кезде, бір-екі адам қол соқты да тез басылып қалды. Үнсіз өлі тыныштық орнады. Тым-тырыс, тыныштықты залдың орта жерінде отырған бір қария бұзып, «Бұл дұрыс емес, бас жүлде Шиеліге берілуі керек!» дегенде бүкіл зал шулап қоя берді.

«Бұларың дұрыс емес, бас жүлде жақсы өнер көрсеткен Шиелінікі» дейді көпшілік. Осылай зал көтеріліп, айқай-шу асқынып бара жатқанда бір басшы жүргізуші қызға «Тез аяқта!» деп әмір берді.

Не істерін білмей тосылып тұрған қыз да іле-шала «Үгіт бригадаларының облыстық байқауы осымен аяқталды. Хош-сау болыңыздар!» деп микрофонды сөндірді. Залдағы көрермендер сонда да басылған жоқ. «Сендердікі дұрыс емес» деп толқып-толқып әрең басылды. Өйткені олардың сөзін тыңдайтын азаматтар сахнаны тастап шыққанша асықты. Біз елмен, аралдықтармен үнсіз қоштасып, автобусымызға отырып, Шиеліге қарай бет алдық. Көлік іші үнсіз, тым-тырыс, тыныштық. Бәрінің көңіл-күйі түсіп кеткен. Сәлден соң біреуі сөз бастап:

– Бұл дұрыс болмады, – деп ренішін білдірді. Оған үнсіз отырған басқаларда өкпесін айта қосылды. Орталарында үлкені өзім болған соң жігіттерге басу айттым:

– Жігіттер, ренжімендер. Қазір Шиеліге барғанда сендерден «Бас жүлде алдың ба?» деп сұрамайды. «Нешінші орын алдың?» деп сұрайды. Бас жүлде орын емес, ол – жүлде, жай ғана жүлде. Ал біз бірінші орын алдық. Бас жүлде – орын емес, жай жүлде ғана, – деп жігіттерді жұбатып, сабасына түсірдім.

Сондай шешуші сәтте шындық үшін, әділдік үшін намыстанып, өздеріне бұра тартпаған Арал ауданы ақсақалдарына, көрермендеріне ризамын! Оларға Шиелі халқы атынан, халықтың көңілін көтеріп, қыс демей, жаз демей, қытымыр қыста мұздаяқ болып, жазда шілденің ыстығына күйіп, жай таңдамай, күй таңдамай елге қызмет етіп жүрген мәдениет қызметкерлерінің атынан ыстық ықыласыммен рақметімді айтамын!

Осы оқиғаға куәгер көзі тірі қариялар болса, ардагерлердің бір басқосуына арнайы шақырсаңыздар, мен сіздерге қызмет етуге әзірмін. Өйткені сіздердей туралығын айтып, әділдік үшін күресер адамдар қашанда сыйлы, елге үлгі!

Әлмырза НОҒАЙБАЕВ,
әнші, термеші, сазгер,
ҚР еңбек сіңірген қызметкері,
«Құрмет» орденінің иегері,
Шиелі ауданының Құрметті азаматы

/// ФУТБОЛ

«ҚАЙСАР» ЖАСТАРҒА СЕНІМ АРТАДЫ

Бұған дейін «Достық үйінде» жанкүйерлерге «Қайсар» футбол клубының жаңа құрамын таныстыру рәсімі өтіп, облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов команданың жаңа маусым ойындарына сәттілік тіледі.

Сонымен биыл жергілікті ұжым түгелдей қазақстандық футболшыларға сенім артады. Былтыр клубта 11 легионер ойын көрсетті. Енді «Қайсардың» құрамын жаңадан 6 футболшы толықтырды. Қалғаны екі-үш жылдан бері қызылордалық клубтың намысын қорғап жүр. Олардың арасында Қазақстан құрамасының ойыншысы Айбол Әбікен, ел чемионатының 8 дүркін жеңімпазы, тәжірибелі қақпашы Александр Мокин, Қазақстан жастар құрамасының футболшылары Роман Божко мен Никита Губарев, Нұрдәулет Ағзамбаев, Жалғас Жақсылықов бар. Сондай-ақ жергілікті жастар да биыл Премьер-лигада бақ сынауға мүмкіндік алып отыр.

– Облыс әкімінің бастамасымен команда шетелдік ойыншылардан бас тартты. Бұл қазақстандық футболшылардың деңгейін арттыруға. жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуге ықпал жасайды. «Қайсар» жанкүйерлерді жоғары жетістігімен қуантады деген сенімдеміз. Білікті бапкері Виктор Кумыковқа артылатын сенім үлкен. Айта кетсек, өңірдің спорт саласында қарқынды даму көрініс беріп отыр. Облыс басшылығының қолдауымен заманауи үлгідегі спорт кешендері бой көтерді. Қаланың сол жағалауында құны 20,9 млрд теңгені құрайтын 11 мың орындық жаңа стадионның құрылысы жүруде. Қызылордалық спортшылар биік белестерді бағындырады деп сенеміз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

«Қайсар» Түркияда өткізген оқу-жаттығу жиынында шетелдік 10 командамен жолдастық кездесу өткізді. Команда 2 наурызда өтетін 1-турда елордалық «Жеңіс» командасымен кездеседі.

«СБ» ақпарат

Хабарландыру

«Ақбостай-1» фермер қожалығы қожалық қатысушылары мен жер үлескерлеріне 2025 жылдың 05 сәуір күні сағат 11:00-де кезектен тыс жалпы жиналыс өткізілетінін хабарлайды.

Өткізілетін орынның мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Жеңістің елу жылдығы көшесі 8.

Күн тәртібінде: Жер үлескерлері өтінішіне сәйкес, жер үлестерін бөліп беру туралы.

«Ақбостай-1» фермер қожалығы әкімшілігі

БКМ қолдану: заңнаманы сақтау мен есеп айырысудың ашықтығының маңыздылығы

Мемлекеттік кірістер Комитеті (МКК) ұзақ уақыт бойы күн сайын тек бір чек беріп отырған және (немесе) тұрақты түрде бірдей табыс сомасын тіркеген 260 мың салық төлеушіні анықтады.

МКК тәуекелдерді басқару жүйесі аясында салық төлеушілерді іріктеу және салықтық бақылау шараларын қабылдау үшін бақылау-кассалық машиналар (БКМ) бойынша мәліметтерді (берілген чектер саны, сомасы және мерзімділігі) белсенді түрде пайдаланады.

Мысалы, облысымызда азық-түлік дүкені бір жыл бойы күн сайын тек 5 мың теңгеге, шаштараз 2 мың теңгеге 1 чек қана берген.

Бұл БКМ-ді қолданбау белгілерінің айқын дәлелі болып табылады, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын өрескел бұзу болып саналады. Мұндай салық төлеушілерге қатысты тиісті шаралар қабылдануда.

Сонымен қатар, 2023 жылғы деректерді талдау барысында 2 168 салық төлеушінің айналымдарында айтарлықтай сәйкессіздіктер анықталды. Олар салықтық есептілікте төлем карталары (POS-терминалдар) мен мобильді төлемдер (QR-төлемдер) арқылы түскен қаражатты көрсетпеген. Жалпы жасырылған сома 21,6 миллиард теңгеден асады.

Осы заңбұзушылықтарды өз еркімен түзету үшін жоғарыда аталған салық төлеушілерге камералдық бақылау хабарламалары жіберілді (орындау мерзімі – биылғы жылдың 20-26 наурызы).

Қазіргі таңда 53 салық төлеуші 298 миллион теңге кіріс көрсетілген салық декларацияларын ұсынды, нәтижесінде 4,4 миллион теңге салық есептелді.

МКК азаматтар мен кәсіпкерлерге қолма-қол есеп айырысу кезінде деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-кассалық машиналарды (БКМ) міндетті түрде қолдану қажеттігін ескертеді. Қазіргі заманғы фискалдық деректер операторларға берілген чектер туралы ақпаратты автоматты түрде Комитетке жіберуге мүмкіндік береді, бұл қаржы операцияларының ашықтығын арттырып, тиімді бақылауға жағдай жасайды.

Еске саламыз, ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексінде БКМ қолдану талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Алғашқы құқық бұзушылық кезінде салық төлеушіге ескерту беріледі, ал қайталанған жағдайда 15-тен 50 АЕК-ке дейін айыппұл салынады.

МКК заңнаманы сақтаудың және бақылау-кассалық машиналарды уақытылы қолданудың маңыздылығын атап өтеді. Бұл есеп айырысулардың ашықтығын қамтамасыз етіп, салықтық құқық бұзушылықтар қаупін азайтуға ықпал етеді.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 23639 | Тапсырыс №346 | Кезекші редактор **Әділжан ҮМБЕТ**